

6D010800 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Рыскалиев Саят Нурболатовичтің «Болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ШІКІРІ

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі	<p>Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасының "Атамекен" Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 "Педагог" кәсіби стандартында белгіленген маманның бес еңбек қызметі: 1) оқыту; 2) тәрбиелеу; 3) әдістемелік; 4) зерттеушілік; 5) әлеуметтік-коммуникативтік, яғни бұл қызметтерді жүзеге асыру педагогтың оқу үдерісінің стратегияларын жобалап, жеке тұлғаны шынайы өмірге бейімдеу мақсатында негізгі құзыреттілікті қалыптастыруды талап етеді. Бұл талап педагогтан кәсіби тиімділік пен кәсіби өсудің жүзеге асырылуын талап етеді, алдына қойылған міндеттерді өз бетінше шеше білу, білім беру үрдісін тиімді жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау сияқты ерекше қабілеттерінің қалыптасуын көздейді.</p> <p>Аталмыш басқарушылық дағдылардың табысты көрініс беруіне педагогтың басқарушылық құзыреттілігі қалыптасуы шарт.</p> <p>Сондықтан қазіргі таңдағы жағдай тұрғысынан болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі өте өзекті болып</p>

			табылады және шұғыл шешуді қажет етеді.
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)	Зерттеу тақырыбы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №251 қауылысы «Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спорт саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес әдіскер-жаттықтырушылардың, әдіскерлердің және мамандардың біліктілігінің дамыту бойынша нақты шешім ретінде ұсынылады.
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету).	Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия 2023 жылғы «19» маусымдағы № 92-нж бұйрығымен бекітілген 2023-2025 жылдарға арналған ғылымды дамытудың басым бағыты , атап айтқанда «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» , «Мамандандырылған ғылыми бағыт 1. ХХІ ғасырдағы білім, ғылым, мәдениет және спорт мәселелерін іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеу» және соның ішінде «1.3. Дене шынықтыру және спорт саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.
2	Ғылыми маңыздылығы	2.1. Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, ал оның маңыздылығы ашылған.	<p>Зерттеу жұмысы ғылымға елеулі үлес қосады және оның маңыздылығы да жақсы ашылған.</p> <p>«Дене шынықтыру және спорт» саласы бойынша болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі тұңғыш рет отандық ғылымда қарастырылып, шетелдік және қазақстандық ғалымдардың басқару бойынша нақты зерттеулер мен тұжырымдамалары талданған, яғни басқару, педагогикалық басқару, дене мәдениеті мұғалімінің басқару іс-әрекеті, болашақ дене мәдениеті мұғалімінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі бойынша теориялық негіздері айқындалған.</p> <p>Зерттеуде докторант контент-талдау әдісінің кеңінен</p>

			<p>пайдалану арқылы «басқару», «басқарушылық құзыреттілік» ұғымдарының мәні мен мазмұны анықтап, «болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігі» кілт терминіне жаңаша көзқарас, нақтыланған авторлық анықтама берілген.</p> <p>«Модельдеу» әдісін кеңінен қарастыра отырып, болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделін әзірлеп, оның компоненттерін, өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлерін анықтаған.</p> <p>Болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың нақты әдістемелік кешені («Дене мәдениеті педагогының басқарушылық құзыреттілігі және имиджі» элективті курсы; «Басқарушы мектебі» клубының бағдарламасы; «Басқарушылық құзыреттілік негіздері» электронды оқулығы) әзірленіп, оның тиімділігі педагогикалық эксперимент барысында дәлелденген.</p> <p>Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген түйіндер мен қорытындылар нақтылығымен, ғылыми көзқарастырының тиянақтылығымен маңызды болып табылады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	3.1. Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары.</u>	<p>Ізденуші жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары. Жұмысты жазу барысында ғылыми нәтижелерге жету үшін ізденуші тақырыпқа қажетті материалдарды жинап, бірізділік қағидасы негізінде жүйелеп, ғылыми талдаулар жасаған.</p> <p>Болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыруды теориялық әдіснамалық тұрғыда негіздеп, әдістемесін әзірлеп, оның тиімділігін эксперимент арқылы дәлелдеген.</p>
4	Ішкі бірлік принципі	4.1. Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі негізделген. Тақырыпты зерттеу барысында докторант Қазақстан Республикасының Президентінің Жолдауларындағы</p>

	<p>1) <u>негізделген;</u></p>	<p>қойылған міндеттерге, мемлекеттік заңнамалық- нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға жауап ретінде ғылыми педагогикалық, арнайы әдебиеттерге, озық педагогикалық тәжірибелерге жасалған талдау нәтижесінде аталмыш мәселенің шешу қажеттілігін дәлелдеу жұмыстың өзектілігін айқындаған.</p> <p>Диссертацияда ішкі бірлік заңды түрде сақталған. Алынған нәтижелер бір бірімен жүйелі байланыста қарастырылып, өзара сабақтастық сипаттарын берік сақтаған.</p>
	<p>4.2. Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды;</u></p>	<p>Аталмыш жұмыс мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Диссертация анықтамалар тізімінен, кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u></p>	<p>Диссертациялық жұмыста қойылған мақсат және міндеттер диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Атап айтқанда зерттеудің мақсаты: «болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеп, әдістемесін әзірлеу және оның тиімділігін эксперимент арқылы тексеру». Осы мақсатқа жету үшін келесі төрт міндеттер анықталған:</p> <ul style="list-style-type: none"> -Болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындау; - «Болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігі» ұғымының мәнін, мазмұнын, құрылымын нақтылау. - Болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделін құру; - Болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық

			құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесін әзірлеу, оның тиімділігін эксперимент арқылы тексеру және ғылыми-әдістемелік ұсыныстар әзірлеу.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан.</u>	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылымы, яғни жалпы құрылымы толық байланысқан. Ішкі бірлігі айқын. Ғылыми талдаулар мен тұжырымдар бір-бірімен логикалық тұрғыдан сабақтастықта берілген.
		4.5. Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдер мен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u>	Диссертант ұсынған жаңа шешімдер дәлелді, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып, сыни талдаулар жасалған. Мысал ретінде, диссертацияда 6 суретте Ресей ғалымдарының еңбектеріндегі мұғалімнің басқарушылық қызметінің компоненттеріне салыстырмалы талдау, кесте 1 - Шетелдік және қазақстандық зерттеушілердің еңбектеріндегі «басқару», «басқару құзыреттілігі» ұғымдарының контент-талдауы, сурет 12 – Педагог-менеджер мен педагог-пән мұғалімінің өзгешіліктерін анықтау, кесте 9 – Дене мәдениеті мен спортты басқару саласында кадрлар даярлаудың шетелдік тәжірибесін талдау жүргізумен негізделеді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1. Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа.</u>	Диссертациялық жұмыстағы ғылыми нәтижелер мен қағидаттар <u>толығымен жаңа</u> болып табылады. Диссертанттың зерттеу жұмысының шынайылығы - болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру секілді күрделі әрі өзекті мәселені нәтижелі ету теориялық, әдіснамалық, әдістемелік тұрғыда алғаш рет зерттелініп отырғандығын атап өте отырып, алынған әрбір ғылыми нәтиженің қорытындысына жаңалық тән деп санаймыз. Себебі, басқарушылық құзыреттілік мәселесі бойынша зерттелген ғылыми жұмыстар болғанымен,

болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі отандық ғылымда шешімін таппаған.

Бірінші нәтижеге - жету үшін ізденуші зерттеу мәселесіне қатысты психологиялық, педагогикалық, арнайы еңбектердегі ғылыми дерек көздерін тауып, оларды зерделей білген. Ғылыми әдебиеттердегі зерттеу тақырыбына сай жинақталған мәліметтер сарапталып, болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі теориялық тұрғыда негізделгендіктен **жаңа** болып табылады.

Педагогикалық-психологиялық ғылыми еңбектерді талдау барысында түйінді ойларды сараптамалық талдаудан өткізе отырып, «басқару», «басқарушылық құзыреттілік», «болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігі» ұғымдарының мазмұны байытылып, нақтылануы - екінші нәтиженің **жаңа екеніне** дәлел болады.

Докторанттың зерттеу барысында теориялық тұрғыда – жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың мотивациялық-құндылықтық, мазмұндық - іс-әрекеттік және рефлексивті -жаңалаушы компоненттерден түзілген, көрсеткіштері мен деңгейлері анықталған моделінің жасалуы - үшінші нәтиженің **жаңа екенін** көрсетеді.

Диссертант болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми негізделген әдістемесін («Дене мәдениеті педагогының басқарушылық құзыреттілігі және имиджі» элективті курсы; «Басқарушы мектебі» клубының бағдарламасы; «Басқарушылық құзыреттілік негіздері» электронды оқулығы) жасап, оның тәжірибеге енгізілуін **жаңа** деп

			санаймыз.
		5.2. Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа.</u>	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа, себебі ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген және тәжірибелік- эксперименттік жұмыстарды жүргізу арқылы дәлелденген.
		5.3. Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа.</u>	Жұмыста ұсынылған барлық шешімдер <u>толығымен жаңа</u> , олар зерттеулің үш тарауында теориялық талдаулар мен статистикалық талдаулар нақты деректер арқылы негізделген Мысалы, ғылыми зерттеу барысында өткізілген анықтаушы және қалыптастыру эксперимент нәтижелерінің дәлдігін тескеру мақсатында Стюдент t-критерийін пайдаланған.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	6.1. Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> (qualitative reserch және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Зерттеуші С.Рыскаливетің зерттеу жұмысындағы барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> . Зерттеу жұмысының теориялық тұрғыда жасалған қорытындылары теориялық-әдіснамалық ұстанымдармен, философиялық, педагогикалық және психологиялық, дене шынықтыру және спорт саласындағы арнайы әдебиеттердің алуан түрлілігімен делелденеді. Зерттеу жұмысының практикалық қорытындылары жоғары оқу орнының біртұтас педагогикалық үрдісіне ендірілген 8 ендіру актылермен, 1 электронды оқулығы, 2 оқу-әдістемелік құралдарының әзірленуімен дәлелденеді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	7.1. Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді;</u>	1 - қағидат. Болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық негіздері алғаш рет айқындалған. 7.1.Қағидат <u>дәлелденген</u> (1). 7.2. Тривиалды емес (2). 7.3. Ия, жаңа (1).

	<p>7.2. Тривиалды ма? 2) <u>жоқ.</u></p> <p>7.3. Жаңа ма? 1) <u>ия;</u></p> <p>7.4. Қолдану деңгейі: 3) <u>кең.</u></p> <p>7.5. Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия;</u></p>	<p>7.4. Қолдану деңгейі: <u>кең</u> (3).</p> <p>7.5. Жарияланған мақалада дәлелденген: <i>Дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық амалдары.</i>// Innovation and global issues congress V: Congress Publications – Ankara, 2019. – P.992-997. (1).</p> <p>2 - қағидат. Болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігі ұғымы нақтыланған: басқару туралы теориялық және тәжірибелік ілім, білік-дағдылар, мектеп ауқымындағы оқу үдерісін болжалды жоспарлау, оның моделін құру, оқыту әдістемесі арнасын тиісті игеру, өзіне тиесілі бағыттағы қызметті меңгеру, сонымен бірге өзін-өзі анықтау, сыни ойлау, шығармашылық, өз іс-әрекетін рефлексиялау және білім беру процесінің барлық қатысушыларының іс-әрекетін рефлексиялауды ұйымдастыру, өзін-өзі тану секілді ішкі ресурстар жүйесін іске асыруға дайындық кіреді.</p> <p>7.1. Қағидат <u>дәлелденген</u> (1).</p> <p>7.2. Тривиалды емес (2).</p> <p>7.3. <u>Ия</u>, жаңа (1).</p> <p>7.4. Қолдану деңгейі: <u>кең</u> (3).</p> <p>7.5. Жарияланған мақалада дәлелденген: <i>Болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігінің сипаттамасы.</i>// Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. – 2019. – №1(55). – Б. 28-32. (1).</p> <p>3 - қағидат. Болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-функционалды моделі мақсатты, диагностикалық, мазмұнды, ұйымдастырушылық және нәтижелік</p>
--	--	---

блоктарды қамтиды. Болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері және деңгейлерінен тұрады.

7.1.Қағидат дәлелденген (1).

7.2. Тривиалды емес (2).

7.3. Ия, жаңа (1).

7.4. Қолдану деңгейі: кең (3).

7.5. Жарияланған мақалада дәлелденген:

Болашақ дене мәдениеті мұғалімінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың компоненттері мен көрсеткіштері. //Абай атындағы ҚазҰПУ-ң ХАБАРШЫСЫ. «Педагогика ғылымдары» сериясы – 2020. – №1(65). – Б. 237-243. (1)

4 - қағидат. Болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі: «Дене мәдениеті педагогының басқарушылық құзыреттілігі және имиджі» элективті курсты, «Басқару мектебі» үйірмесінің жұмысын, «Басқарушылық құзыреттілік негіздері» электрондық оқулығын қамтиды және «Болашақ дене мәдениеті мұғалімінің басқарушылық құзыреттілігі» атты оқу-әдістемелік құралын қамтиды.

7.1.Қағидат дәлелденген (1).

7.2. Тривиалды емес (2).

7.3. Ия, жаңа (1).

7.4. Қолдану деңгейі: кең (3).

7.5. Жарияланған мақалада дәлелденген:

«Дене мәдениеті педагогының басқарушылық құзыреттілігі және имиджі» элективті курсының мазмұны. //Абдрахманова Р.Б.70 жылдығына арналған «Психологиялық-педагогикалық білім берудің өзекті мәселелері мен перспективалары» атты

			халықаралық қашықтық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы, 2020.– Б. 234-237. (1).
8.	Дәйектілік принципі дереккөздер мен қсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1.Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>ия</u> ;	Ия, әдістеменің таңдауы негізделген, әдіснама нақты жазылған. Зерттеу жұмысының мақсат, міндеттеріне сай шетелдік ғалымдардың еңбектеріне салыстырмалы талдау, болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру бойынша модельдеу, жоғары оқу орындары даярлық мазмұнына талдау, контент талдау және т.с.с. әдістер қолданылған. Зерттеу барысында басшылыққа алынған <i>әдіснамалық тұғырлар</i> жүйелілік, іс – әрекеттік, тұлғаға – бағдарланған, құзыреттілік, құндылық- бағдарлы және ұстанымдар ғылыми тұрғыда негізделген.
		8.2.Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ;	Ия, диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Алынған зерттеу нәтижелері цифрлық технология Google forms арқылы сауалнама жүргізіліп, Microsoft Excel бағдарламасында сызба, кесте, диаграмма түрінде құрастырылып ұсынылған.

		<p>8.3. Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>ия</u>;</p>	<p>Ия, теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген және расталған.</p> <p>Алынған нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденген.</p>
		<p>8.4. Маңызды дәлелдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер мен <u>расталған/ішінара расталған</u>.</p>	<p>Зерттеу жұмысында келтірілген маңызды дәлелдемелер нақты. Ғылыми әдебиеттер сілтемелермен <u>расталған</u>.</p>
		<p>8.5. Пайдаланған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.</p>	<p>Пайдаланған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Барлығы қажетті деп танылатын және сенімді дереккөздер саны - 220 әдебиетті құрайды.</p>
9.	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1. Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p>	<p>Ия, зерттеудің теориялық маңыздылығы жоғары. Диссертацияда теориялық тұрғыдан зерттеу мәселесі бойынша философиялық, педагогикалық, психологиялық,</p>

			арнайы еңбектерді талдау, басқару идеясының генезисі мен дамуы, контент-талдау әдісі негізінде «басқару», «басқарушылық құзыреттілік», «Болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігі» ұғымдарының нақтыланағын мәні, болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі «Дене шынықтыру және спорт» саласының басқару теориясына өзіндік үлесін қоса алады.
		9.2. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ;	Ия, диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу жұмысында автор ұсынған болашақ дене мәдениеті мұғалімінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемілек кешені: «Дене мәдениеті педагогының басқарушылық құзыреттілігі және имиджі» элективті курсты, «Басқару мектебі» үйірмесінің жұмысы, «Басқарушылық құзыреттілік негіздері» электрондық оқулығы және «Болашақ дене мәдениеті мұғалімінің басқарушылық құзыреттілігі» атты оқу-әдістемелік құралы жоғары оқу орнында болашақ кадрларды даярлауда қолдануға мүмкіндік береді.
		9.3. Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ;	Практикалық ұсыныстар <u>толығымен жаңа</u> , себебі диссертан әзірлеген «Дене мәдениеті педагогының басқарушылық құзыреттілігі және имиджі» элективті курсты, «Басқару мектебі» үйірмесінің жұмысы, «Басқарушылық құзыреттілік негіздері» электрондық оқулығы, «Болашақ дене мәдениеті мұғалімінің басқарушылық құзыреттілігі» атты оқу-әдістемелік құралы бұрын- сонды зерттелмеген әрі әзірленбеген.
10	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ;	Академиялық жазу сапасы жоғары, ізденуші ғылыми стиль ерекшеліктерні толық сақтаған, талдау өз тарапынан қорытындылаумен жалғасқан.

(PhD) философия докторы дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды шешім:

«Болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмыс «Ғылыми дәреже беру ережесінің» талаптарына толық сәйкес келеді, мазмұны мен рәсімделуі бойынша ішкі бірлігі мен тұтастығына және эксперименттік сипатқа ие, аяқталған ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады, диссертация авторы Рыскалиев Саят Нурболатович 6D010800 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Дене шынықтыру және спорт кафедрасының профессоры, п.ғ.к.



20.06.2024 г.

РАСТАЙМЫН:	«Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ
КАДР СЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ	
ЗАВЕРЯЮ:	руководителя
	УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
	НАО «КазНПУ им. Абая»
ҚОЛЫ	Сейсенбеков Е.К.
ПОДПИСЬ	